

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Бірге ойнайық

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.03.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/25246/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Кабиева Актolkын

Ата-аналармен және балалармен тренинг

Тақырыбы: Бірге ойнайық

Мақсаты: Ата-аналарды бала

тәрбиесіне белсенді қатысуын қалыптастыру, бірін-бірі жақын біліп, түсіну, қызығушылық, көңілдерін көтеру, қуаншы сыйлау. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктері жоғары екенін ұғындыру, баламен қарым – қатынасты жақсарту. Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу.

Жүргізуші:

-Хош келдіңіздер, құрметті ата-аналар! Бүгінгі күн өте ерекше, өйткені біздер өз балдарымызбен мезгілді қызықты өткізуге жиналдык. Бәріміздің де басымыздан балалық шақ өтті. Бәріміз де ойнағанды ұнаттық. Ал бүгін тағы да сол балғын балалық шаққа оралайық.

1-жаттығуымыз. «Сиқырлы алма ағаш» Мына тұрған алма ағашқа 1 немесе 2 алманы алып өздеріңіз осы тренингтен нені күтесіздер, өз ойларыңызды, мақсаттарыңызды жазып іліңіздер. 2-жаттығу «Танысу.» -Шеңберге тұрайық, балаларымызды алдымызға қояйық. Әрқайсыңыз есімдеріңізді атап, бірінші әрпіне басталатын бір жақсы қасиеттеріңізді атаңыз. Бала өз атын атайды, ал сіз оның есімінің бас әрпіне келетін бір жақсы қасиетін айтыңыз. 3-жаттығу «Кірпі» Массаж жасайтын доппен балаларға массаж жасау.

-Кірпі кетті домалап,

Көше бойын жағалап.

Кірпі,кірпі,келе ғой,

Менің баламмен ойнай ғой!

4-жаттығу “Аюды қуантайық”

-Аю келді орманнан,

Жылап біздің шағын топқа

Кане,аюды жұбатайық,

Оған сыйлық берейік!

5-жаттығу «Зоопарк»Жүргізуші:-Бұрын бәрімізде зоопаркке барған шығармыз.Онда әртүрлі хайуандар кездеседі.Сіздерге тапсырма.Ата-анасы өз баласымен таңдаған жануарлардың төлімен қимылын салып береді.(Қоян,маймыл,түлкі,кенгуру,жылан,түйе.)Ал,қалғандары бұлар қандай жануар екенің шешулері керек.

6-жаттығу “Қандай мен кереметпін”Ата-аналар өздерінің бастарын сипап,мен қандай кереметпін деп мақтайды.Балаларының бастарын сипап,қандай менің балам керемет деп мақтайы

7.“Кеш қалмаңыз” Видеокөрсетілім

8-жаттығу “Сиқырлы алма ағашқа оралайық”Жүргізуші:-Алма ағашқа оралайық.Тренинг басында бәріміз бұл тренингтен нені күтеміз? Деген сұраққа жауап бердік.Ал,сол күткендеріңіз орындалды ма?Бала-біздің өміріміздің гүлі,біздің болашағымыз!Сол болашақ қандай болатынын біздің қолымызда.Балаға көп қызықты,қуанышты сәттілік сыйлаңыздар!Әр атқан күндерің бақыт сыйласын!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.